

«27» тамыз 2024 жыл
Шымкент қаласы

№ 143-Н/Қ

**2024-2025 оқу жылының ұйымдасқан
түрде басталуы туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы, Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы және 2024 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің №1 хаттамасының шешіміне сәйкес оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын: 2024 жылғы 1 қыркүйек - 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:
1-4 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1 - тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
2 - тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
3 - тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
4 - тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-4 сыныптарда- 34 оқу аптасын құрайды.
3. Мектептің оқу жоспары, сыныптарды жинақтау.
4. Жаңа оқу жылына арналған штат кестесі мен оқу жүктемесі.
5. Білім беру процесін басқару циклограммасы.
6. Педагогикалық және санитариялық-гигиеналық талаптарды, оқу кабинеттерінің мүмкіндіктерін ескере отырып оқу жұмыс жоспарын дайындасын.
7. Сабақ кестесін құрастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес сабақтар кестесін құрастырсын.
8. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын іске асыру мақсатында әдістемелік бірлестік және оқу жұмыс жоспарының мектептік компонентінің барлық оқу бағдарламалары бекітілсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары О.С.Мырзакуловқа жүктелсін.

Директор

А.К.Башенов

Бұйрықпен таныстым және қолдасым.



(мезгілі)

27.08.24

(қолы)



(т.а.ә.)